Для подтверждения даты приобретения изделия при гарантийном ремонте или предъявления иных предусмотренных законом требований просим Вас сохранять документы о покупке.

Таковыми документами могут являться заполненный гарантийный талон POLARIS, кассовый чек или квитанция Продавца, иные документы, подтверждающие дату и место покупки.

При не предоставлении документа, подтверждающего дату приобретения изделия, срок гарантии исчисляется с даты изготовления изделия.

Дата изготовления указана на паспортной идентификационной табличке, находящейся на задней стенке изделия.

Сіздің назарыңызды кез келген ауа ылғалдандырғыш пайдаланылатын судың сапасы мен құрамына, оның құрамындағы қоспалардың бар болуына, аспапқа лайықсыз күтім жасаудан түзілімдердің пайда болуына сезімтал болып табылатынына аударамыз.

Осы нұсқаулықтың Сіздің жаңа ауа ылғалдандырғышыңыздың тиімді жұмысы байланысты болатын **«Күтім жасау және қызмет көрсету»**, **«Судың кермектігі бойынша ұсыныстар»** сияқты маңызды бөлімдермен мұқият танысуыңызды сұраймыз.

Біз Сіздің және Сіздің жайлылығыңыздың қамын ойлаймыз, сонымен қатар біздің тұрмыстық техникамызды пайдаланғаннан Сіз алған рахат туралы ойлаймыз, сондықтан оның қызмет ету мерзімін Сіз үшін ұзаққа созуға мүмкіндік беретін күтім жасау бойынша толық ұсыныстарды қоса береміз.

Ауа ылғалдандырғыш пен оның негізгі бөлшектеріне күтім жасау бойынша ұсыныстарды сақтамау оның жұмысының сапасына әсер етуі, және сондай-ақ қызмет етудің мәлімделген мерзімінен немесе кепілдікті кезеңнен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін.

# МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе</b>	<b>32</b>
Ауа ылғалдылығы туралы пайдалы ақпарат	32
<b>Жалпы ақпарат</b>	<b>33</b>
<b>Ылғалдандырғыш функциялары мен мүмкіндіктері</b>	<b>33</b>
<b>Қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқаулар</b>	<b>34</b>
Дұрыс орнату орны	35
<b>Қауіпсіздік бойынша арнайы нұсқаулар</b>	<b>36</b>
<b>Пайдалану саласы</b>	<b>36</b>
<b>Жеткізілім жиынтығы</b>	<b>37</b>
<b>Бөлшектерге шолу және атаулары</b>	<b>37</b>
<b>LED дисплей индикациясы</b>	<b>38</b>
<b>Басқарудың сенсорлық панелі</b>	<b>39</b>
<b>Жұмысқа дайындау және іске қосу</b>	<b>40</b>
<b>Аспапты пайдалану</b>	<b>41</b>
<b>WiFi қосылуын баптау</b>	<b>45</b>
NFC көмегімен қосылу	45
Android және iOS операциялық жүйесі бар мобильді құрылғылар үшін	46
<b>WiFi қосылуына қатысты мәселелер мен оларды жою тәсілдердің сипаттамасы</b>	<b>49</b>
<b>Ақаулықтар және оларды жою</b>	<b>50</b>
<b>Күтім және қызмет көрсету</b>	<b>52</b>
<b>Сақтау/тасымалдау/өткізу/кәдеге жарату</b>	<b>55</b>
<b>Техникалық сипаттамалары</b>	<b>56</b>
<b>Сертификаттау туралы ақпарат</b>	<b>56</b>
<b>Кепілді міндеттемелер</b>	<b>57</b>

# КІРІСПЕ

Сізге POLARIS сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біздің өнімдер жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген.

Сіз біздің фирмамыздың жаңа өнімін сатып алғаныңызға риза болатыңызға сенімдіміз.

Су жоғарыдан құйылатынының ыңғайлылығын бағалайсыз деп үміттенеміз: резервуарды су көзіне апару қажеттігінің жоқтығын және басқарудың оңайлығын.

## АУА ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Ауаның ылғалдылығы адам денсаулығын сақтау үшін өмірлік қажетті көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Ауада ылғи сулы бу бар, оның пайызы қоршаған ортаның температурасына байланысты.

Қазіргі заманғы темірбетонды және кірпіш ғимараттарда, әсіресе, қысқы уақытта, ылғалдылықтың төмендеген деңгейі байқалады.

Үй-жайдағы құрғақ ауа терінің тітіркенуін және қайызғақтануын тудырады, көз бен тамақта құрғақтық сезімі пайда болуы мүмкін, бұл хал-жайды нашарлатады.

Біздің ауа ылғалдандырғышымыз осы проблеманы жеңуге және жайлылық деңгейін жоғарлатуға көмектеседі.


Бұл тек қана ересектерге емес, сонымен қатар балаларға және тіпті үй жануарларына да қатысты. Кеуіп қалған шырышты қабықша қысқы уақытта салқын тигеннен болатын және басқа жұқпалы ауруларға бейімділікті жоғарлатады.

Аспапты пайдалануды бастар алдында, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпараттан тұратын осы нұсқаулықты, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оны күтім жасау жөніндегі ұсыныстарды мұқият және толық оқып шығыңыз.

Нұсқаулықты кепілдік картасымен, кассалық чекпен, мүмкіндігінше картон қораппен және қаптама материалмен бірге сақтаңыз.




Қосымша арқылы басқару



Жеке баптаулар



Басқарудың көп функциялық панелі







Кездейсоқ басудан қорғау функциясы

# ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық POLARIS ультрадыбыстық ауа ылғалдандырғыштың, Моделі **PUN 4550 WIFI IQ Home** (бұдан әрі мәтін бойынша – аспап, ылғалдандырғыш), техникалық деректерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

## ЫЛҒАЛДАНДЫРҒЫШ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

- Wi-Fi функциясы:** аспапты IOS және Android мобильді қосымшасы арқылы қашықтан басқару.
  - Су жетіспеген кезде аспапты **автоматты түрде өшіру**. Суға арналған резервуардың көлемі ылғалдаушытың ұзақ уақыт жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Егер Сіз резервуардағы су бітіп қалғанын байқамай қалсаңыз, аспап автоматты түрде күту режиміне көшеді.
  - Ылғалдылық пен температураны индикациялау**. Кіріктірілген индикатор үй-жайдағы ауа ылғалдылығының деңгейін және температурасын көрсетеді.
  - Бу беру жылдамдығын таңдау** (төмен, орташа, жоғары)
  - AUTO режимі** – құрылғы ауаның ағымдағы ылғалдылық деңгейін анықтайды және бөлмедегі ылғалдылықты 50%-68% деңгейінде ұстап тұру үшін жұмыс режимін автоматты түрде таңдайды.
  - Төмен шу деңгейі**
  - Суды үстінен толтыра құю**.
  - Келесінің көмегімен **суды зарарсыздандыру**:
    - Ультракүлгін шам**. Бұл шам патогендік және зиянды бактериялар мен микроорганизмдердің 99% - смерті өлімге әкелетін арнайы бактерицидтік сәулеленудің көзі болып табылады.
    - Жылы бу режимі**. Бұл режим қосылған кезде эмитент аймағындағы судың температурасы 80°C-қа жетеді, 75 градустан бастап судағы микроорганизмдердің көпшілігі өледі.
- Суды дезинфекциялау бөлменің ауасында зиянды бактериялардың көбеюіне жол бермейді, сонымен қатар су ыдысының күйіне жағымды әсер етеді – шырыштың пайда болуы және судың гүлденуі бірнеше есе азаяды.**
- Автошіру таймері**. Бұл функция автосөндіру таймерін 12 сағатқа дейін уақытқа орнатуға мүмкіндік береді.
  - Хош иісті майларды пайдалану мүмкіндігі**. Ылғалдатқышта су негізіндегі хош иісті майларға арналған алынбалы контейнер бар.
  - Дыбысты өшіру функциясы** – «бу беру жылдамдығы» түймесін басып тұру арқылы.
  - Тазалау туралы еске салу функциясы**. Әр 72 сағат сайын құрылғы тазалау қажет екенін еске салады.




# ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспаптың пайдаланылуы «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі керек.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Егер аспап пен желілік баусым зақымдалса, ешқандай жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз. Аспапты жылжитқан соң, көрсеткіштері жарақсыз болса, оны пайдаланбау керек. Пайдаланар алдында аспапты білікті маман тексеруі тиіс.



**Назар аударыңыз!** Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Қосымша қорғаныс үшін қорғаныстық ажырату аспапсын (ҚАҚ) орнату жөн болады. Кеңес алу үшін білікті маманға жүгінізіз.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Аспапты желіге қосар алдында, оның өшірілген күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (еш жағдайда аспапты суға батырмаңыз). Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланғанда, оны дереу желіден ажыратыңыз.
- Пайдалану аяқталған кезде, құралды тазалғанда немесе ол сынғанда оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы аспапты пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда.
- Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Желілік баусымынан ұстап, аспапты тасымалдауға боламайды. Сондай-ақ аспапты желілік баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқан кезде штепсельдік айырдан ұстаңыз.



1  
Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



2  
Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз!



3  
Аспапты тұрақсыз беттерге қоймаңыз!



4  
Аспапты шұңғылшаға қоймаңыз!  
Аспаптың корпусы құрғақ болуы тиіс!

- Пайдаланудан кейін ешқашан желілік баусымды аспапты айналдырып орамаңыз, өйткені бұл уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Желілік баусымды сақтаған кезде, әрқашан түзетіп қойыңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапты өз бетінше жөндемеңіз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.






### Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

### АҚАУЛЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ДЕП САНАЛМАЙДЫ:

- ❑ **Ылғалдандырыштың жанындағы бетте ақ өңездің пайда болуы.** Бұл әсер кермектік тұздардың мөлшері жоғары болатын суды қолданғанда пайда болады. Бұл ақаулық болып табылмайды. Әлдеқандай жұмсағырақ (минералсыздандырылған) суды пайдалану шешімі болады.
- ❑ **Бүлкілдейтін дыбыстар** немесе тамшылап тұрған судың дыбысы (осы дыбыстарды ылғалдандырғыш жақын орналасқанда естуге болады). Бұл қалыпты.



## ДҰРЫС ОРНАТУ ОРНЫ

Бір сағатта аспап шамамен 750 мл суды бу түрінде ауаға шығаруы мүмкін. Сондықтан аспап орнатылатын дұрыс орынды таңдау маңызды.

- Аспапты тікелей еденге қоймаңыз, өйткені будың ағыншасы едендік жабынды, мысалы, паркетті немесе кілемді, бүлдіруі мүмкін.
- Ауа ылғалдандырғыш еден деңгейінен жоғары, мысалы, үстелдің, комодтың және т. б. үстіне, жайғастырылуы тиіс.
- Конденсаттан бүлінбеулері үшін аспап ең жақын қабырғадан, өсімдіктерден, жиһаздан және үй-жайдың ішіндегі басқа заттардан 30 см жақын орнатылмауы керек. Ылғалдандырғыштың үстінде сөрелер, шкафтар және басқа аспап конструкциялар болмауы керек.
- Ылғалдандырғышты ойықтарға орнату ұсынылмайды.



**Назар аударыңыз!** Ылғалдандырғыш базасында жұмыс кезінде ылғи су қалады – осылай болуы тиіс, бұл ылғалдандырғыш жұмысының қалыпты режимі.

# ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР


- Алғашқы пайдаланар алдында аспапты бөлме температурасында 30 минут ішінде ұстаңыз.
- Ылғалдандырғыштың жұмыс істеуінің қолайлы жағдайлары: температура 5 - 40°C, салыстырмалы ылғалдылық 80%-дан төмен.
- Аспапты тегіс емес, тұрақсыз беттерде пайдалануға, сонымен қатар іске қосылған аспаптың кеңістіктегі жайғасымын өзгерте отырып, оны жылжытуға тыйым салынады.
- Жұмыс істеп тұрған кезде, ылғалдандырғыш жиіаздан және басқа заттардан, олардың бүлінуіне жол бермеу үшін, жеткілікті қашықтықта болуы тиіс.
- Аспапты жылжытқанда, тазалаған кезде, суға арналған резервуарды толтырғанда оны желіден ажыратып қойыңыз.
- Суға арналған резервуар бос болғанда аспапты сөндіріп қойыңыз.
- **Ылғалдандырғыш үзіліссіз жұмыс істеуі үшін ұсынамыз:**
  - 1) Тек қана құрамында минералды тұздар аз (минералсыздандырылған), температурасы +15°C-ден +40°C дейінгі, алдын ала сүзгіленген және жүзінді мен қоспалардан тазартылған таза суды пайдалану керек, **суға ешқандай қоспаларды, соның ішінде хош иістендіргіш қоспаларды, майлар мен басқ. қосуға болмайды.**
  - 2) Кері осмос жүйесі арқылы тазартудан өткен суды пайдалану керек



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** егер кері осмостан кейін су минералдайтын картридж арқылы өтетін болса, онда бұл су ылғалдандырғышқа **ЖАРАМАЙДЫ**, өйткені онда минералды заттардың теңгерімі мәжбүрлі қалпына келтіріледі, олардың тұздары кейінгіде сәулелендіргіште тұнып қалуы мүмкін.


- **Күнделікті 12 сағат бойы пайдаланған кезде ылғалдауышты аптасына 1 реттен кем емес тазалау қажет – «Күтім және қызмет көрсету» тармағын қараңыз.**

1 1-ші рет пайдалану




1-ші рет пайдаланар алдында аспапты бөлме температурасында 30 мин. ұстаңыз.

2




Аспап тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған

3



Ылғалдандырғыш жұмысының қолайлы шарттары: температура 5 - 40°C

4




Тек қана хош иістендіргіш майлар қосылмаған таза сүзгіленген суды пайдалану керек

## ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап тұрмыстық мақсатта пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалану үшін және үй-жайлардан тыс пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

## ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ



## БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ

Аспап тұрғын үй-жайдағы жеткіліксіз ылғалдылығында ауаны ылғалдауға арналған.



# LED ДИСПЛЕЙ ИНДИКАЦИЯСЫ

## AUTO (Авто) режимі

- AUTO режимі қосылған кезде үздіксіз жанады.

## UV ультракүлгін шамы

- UV шамды қосқан кезде үздіксіз жанады.

## Жылы бу

- Жылы бу режимі қосылған кезде үздіксіз жанады.

## Иондау

- Ауаны иондау функциясы қосылған жағдайда жанады



## Бу беру жылдамдығы

## Су жетіспеушілігі

- Егер резервуарда су болмаса немесе оның деңгейі құрылғының жұмысына жеткіліксіз болса, индикатор жанады.

## WIFI

- WIFI іске қосылғанда үнемі жанып тұрады

## Таймер

- H-hours (сағат) таймерді орнатқан кезде қосылады

## \*Салыстырмалы ылғалдылық пайызы % RH

**\* САЛЫСТЫРМАЛЫ ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ** - бұл ауадағы су буының осы температурада ауа ұстап тұруы мүмкін болатын судың максималды мөлшерінің пайызымен көрсетілетін мөлшері.

Әдетте, оны % RH, мысалы, 45% RH деп белгілейді. Атмосфералық ауада үнемі су буы бар, оның пайызы метеорологиялық жағдайларға байланысты.

Температура неғұрлым жоғары болса, ауа құрамында соғұрлым көп су буы бар болады. Осылайша, біз «салыстырмалы ылғалдылық» ұғымын пайдаланамыз. Суық ауа қыс мезгілінде қолайлы температураға дейін жылығанда, ауадағы су буының салыстырмалы үлесі төмендейді, бұл ауаның салыстырмалы ылғалдылығының төмендеуін білдіреді. Үй жағдайларында жайлы және сау қоршаған ортаны сақтау үшін ауадағы судың немесе су буының құрамын жасанды түрде арттыру керек, бұл ауаны ылғалдандыру дегеніміз.

# БАСҚАРУДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ПАНЕЛІ

## - AUTO және ИОНДАУ режимдері

- Түймені қысқаша басқан кезде AUTO режимі қосылады/өшіріледі.
- Иондануды қосу/өшіру үшін түймені бірнеше секунд ұстап тұру керек (≈ 3 сек.)

**1. БУ БЕРУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ТАҢДАУ**  
(төмен, орташа, жоғары)  
**2. ДЫБЫСТЫ СӨНДІРУ**



**АВТОӨШІРУ ТАЙМЕРІН** орнату  
(максималды 12 сағат)

**Қосу ЖЫЛЫ БУ ЖӘНЕ УЛЬТРАКҮЛГІН ШАМ**  
Ультракүлгін шамды қосу/өшіру үшін түймені бірнеше секунд (≈ 3 сек.) ұстап тұру керек

**Аспапты ҚОСУ/ӨШІРУ**

**ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН** орнату  
(30%-дан 75%-ға дейін)

- Бөлмедегі ылғалдылық (құрылғының орналасқан жерінде) белгіленген деңгейге жеткенде құрылғы автоматты түрде өшеді.

# ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУ



- Алғашқы рет іске қосар алдында, аспапты үй-жайда 30 минутқа қалдырыңыз.
- Бу шығуына арналған диффузоры бар қақпақшаны шешіп алыңыз.
- Ылғалдандырыштың жұмыс базасындағы бактың астындағы қалтқыдан скотчты шешіп алыңыз.
- Резервуарды сумен ақырын толтырыңыз, суық (~10-40°С) таза суды пайдаланыңыз **(сүзгіден өткен минералсыздандырылған суды пайдалану ұсынылады)**
- Қосылған су көлемі MAX белгісінен аспауы керек (рұқсат етілген ең жоғары су деңгейі).




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бакқа су құйған кезде бу шығуына арналған тесікке су түспейтінін қадағалаңыз



**Маңызды!** Аспаптың ішіне табанның төменгі жағындағы тесік арқылы судың түсуіне жол бермеңіз.

- Аспапты электр желісіне қосыңыз. Айырдың розеткаға тығыз кіргізілгеніне көз жеткізіңіз.
- Егер резервуарда су жеткіліксіз болса, дисплейде су тапшылығы шамы жанады. 
- Резервуарды сумен толтырғаннан кейін, Қосу/Өшіру түймесін басу арқылы ылғалдандырышты қосыңыз. 


1 1-ші рет пайдалану



30 min

1-ші рет іске қосар алдында аспапты үй-жайда 30 минутқа қалдырыңыз

2




Жоғарғы қақпақты шешіп алыңыз және суға арналған резервуарды алып шығыңыз

3



Сүзгіленген минералсыздандырылған суды пайдаланыңыз

4




Бакты суға абайлап толтырыңыз. MAX белгісінен асырмаңыз.

5




Аспаптың ішіне табанның төменгі жағындағы тесік арқылы судың түсуіне жол бермеңіз

6




Будың шығуына арналған түтікшенің тесіктеріне судың түсуіне жол бермеңіз.

7



Суға арналған резервуарды аспаптың корпусына орнатыңыз, жоғарғы қақпақты орнатыңыз.

8



Табанның қуысы суға толғанып күтіңіз. Ерекше бүлкілдеген дыбыс естілуі мүмкін.

# АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

- Аспапты электр желісіне қосыңыз. Айырдың розеткаға тығыз кіргізілгеніне көз жеткізіңіз.
- Егер резервуарда су жеткіліксіз болса, дисплейде “- -” индикациясы жанады.
- Егер су резервуары дұрыс орнатылмаған немесе бос болса, құрылғы қосылмайды, Қосу/Өшіру сенсоры бастауға жауап бермейді.
- Егер резервуарда су жеткілікті болса және резервуар дұрыс орнатылған болса - ҚОСУ/ӨШІРУ сенсоры іске қосуға дайын болады, ылғалдандырғыш автоматты түрде күту режиміне ауысады.
- Аспапты іске қосу үшін ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорын басыңыз, дисплейде “А” көрсетіледі, ылғалдандырғыш АВТО режимінде жұмыс істей бастағанын белдіреді.

Ылғалдылық деңгейі 60%-дан төмен болса - құрылғы ең жоғары жылдамдықта жұмыс істейді


Ылғалдылық деңгейі 60%-63% - құрылғы орташа жылдамдықпен жұмыс істейді

Ылғалдылық деңгейі 64%-68% - құрылғы ең төменгі жылдамдықпен жұмыс істейді

Ылғалдылық деңгейі 68%-ға жеткеннен кейін аспап ылғалдылық деңгейі 55%-ға дейін төмендегенге дейін жұмысын тоқтатады

- Іске қосылғаннан кейін шамамен 7 секунд өткен соң дисплейде үй-жайдағы ылғалдылықтың ағымдағы деңгейі көрсетіледі.


1



Аспапты электр желісіне қосыңыз. Дисплей іске қосылады

2


Резервуарда су аз



Егер резервуарда су жеткіліксіз болса, дисплейде “- -” индикациясы жанады.

3


Резервуарды дұрыс орнатыңыз



Суға арналған резервуар қате немесе тығыз емес орнатылған

4


Қосу бетінше



Аспапты қосу үшін «Қосу/ Өшіру» сенсорын басыңыз

5


А автоматты режим



Дисплейде «А» - автоматты режимде жұмыс істей

6

≈ 7 сек. ылғалдылық деңгейін анықтау үшін



Іске қосылғаннан кейін ≈ 10 секунд өткен соң дисплейде үй-жайдағы ылғалдылықтың ағымдағы деңгейі көрсетіледі.

## ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ОРНАТУ

- Ылғалдылық деңгейін таңдау үймесін басқанға дейін дисплей бөлмедегі ағымдағы ылғалдылық деңгейін көрсетеді.
- Салыстырмалы ылғалдылықты 30%-дан 75%-ға дейін орнатуға болады (5% қадаммен).
- Ылғалдылықты орнатуды тоқтату үшін, ылғалдылықтың 75% мәніне жетіп, тағы бір рет түймені басу қажет. Бұл ретте дисплейде «--» мәні көрсетіледі
- Қажетті ылғалдылық мәнін орнатқаннан кейін 5 секундтан кейін дисплей бөлмедегі ағымдағы ылғалдылықты көрсетуге оралады және қажетті мән құрылғының жадында сақталады.



**Назар аударыңыз!** Егер қалаған (орнатылған) ылғалдылық ағымдағыдан төмен болса, ылғалдандырғыш «ұйықтаған» режимде болады. Егер орнатылған ылғалдылық ағымдағыдан жоғары болса, ылғалдандырғыш жұмысын бастайды/жалғастырады.

Ылғалдылық деңгейін орнату

- 

1 Ылғалдылық деңгейін орнату үшін сенсорға басыңыз
- 

2 Сенсорды әрбір басқан сайын ылғалдылық деңгейі 5%RH-қа жоғарлайды.
- 


3 Ылғалдылықты орнату режимінен шығу


## ЖЫЛЫ БУ

Ылғалдатқышта жұмыс ыдысындағы суды 80°C дейін жылыту функциясы бар, бұл бөлмедегі ауаны ылғалдандырудың тиімділігін арттырады

Қыздыру осы функцияны іске қосқаннан кейін 10-15 минуттан кейін толық қуатқа жетеді.

Жылу буды қосу

- 


1 Жылу буды қосу үшін сенсорды басыңыз
- 

2 Қыздыру іске қосылғаннан кейін 10-15 минуттан кейін толық қуатқа жетеді
- 

3 Жылу бу режимі белсендірілген

## БУ БЕРУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ

Аспап бу берудің 3 жылдамдығымен жабдықталған. Сенсорды түрткен сайын дисплейде


--- белгілері пайда болады 

Бу беру жылдамдығы: - минималды, -- орташа, --- максималды.

## ТАЙМЕР ФУНКЦИЯСЫ

Таймердің көмегімен сіз ылғалдандырғыштың жұмыс уақытын және оны кейіннен автоматты түрде өшіруді орната аласыз.

- «Таймер» функциясы құрылғы автоматты түрде өшірілетін уақытты (1 сағаттан 12 сағатқа дейін 1 сағаттық қадаммен) орнатуға мүмкіндік береді.
- Дисплейде аспап сөндірілуіне дейін қалған уақыт көрсетілетін болады.
- «Таймер» функциясын сөндіру үшін "--" мәнін таңдаңыз (келесі басу 12 сағ. мәнінен кейін).



# ХОШ ИІСТІ МАЙЛАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

Ылғалдатқыштың бүйіріндегі хош иісті заттарға арналған контейнерге су негізіндегі хош иісті май құюға болады (майлардың басқа түрлерін қолдану тиімсіз және капсуланың пластикке зақым келтіру мүмкіндігін жоққа шығармайды):

1. Ылғалдатқыштың түбінен капсуланы (корпустың артқы жағында орналасқан) алу үшін оны өзіңізге қарай тартыңыз.
2. Суда еритін хош иісті (эфир) майды қолданыңыз, оны губкаға аз мөлшерде жағыңыз.
3. Капсуланы ылғалдағышқа кері орналастырыңыз.
4. Қажет болған жағдайда, капсуланың ысқышын жуғыш затпен шайып, құрғатыңыз.
5. Хош иісті (эфир) майды тек қана капсуланың ысқышына тамызыңыз. Ылғалдалдандырғыштың резервуарына таза минералсыздандырылған судан басқа сұйықтықтың түсуіне жол бермеңіз (ешқандай жағдайда эфир майын тікелей резервуар мен негіздің суына тамызбаңыз, бұл бу генераторының эмитентін зақымдауы мүмкін).




**Ешбір жағдайда хош иісті майларды тікелей суға арналған резервуарға құймаңыз. Бұл аспаптың бұзылуына және кепілдік әрекетінің тоқтауына әкеледі.**



Аромакапсула ылғалдандырғыш корпусының артқы жағында орналасқан




Хош иісті майларға арналған капсуланы алып шығыңыз,



Капсуланың ішінде орналасқан ысқышқа хош иісті майдың бірнеше тамшысын тамызыңыз



Бөлікті жеңіл шертпек естілгенше итеріп, орнына орналастырыңыз.



Пайдаланғаннан кейін ысқышты мұқият жуыңыз және кептіріңіз



Суға арналған резервуар мүмкіндігінше толтырылғанда аспапты жылжытпаңыз



Хош иісті майларды суға арналған резервуарға тікелей құймаңыз!!!



Аспапты ылғал бетке қоюға тыйым салынады

# WIFI ҚОСЫЛУЫН БАПТАУ

Мобильді құрылғыңыздың түріне байланысты **App Store, RuStore, Google Play**-ден жүктеп алуға болатын "POLARIS IQ HOME" тегін мобильді қосымшасын мобильді құрылғыңызға (**IOS** немесе **Android** платформасында жұмыс істейтін смартфон немесе планшет) жүктеп алыңыз және орнатыңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Байланысты орнатудан бұрын телефоныңыздың үйдегі қолжетімді WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.

Үйдегі WIFI желісі болмаған жағдайда, үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін, мамандырылған компанияға жүгініңіз. Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, **желі режимі 802.11 b/g/n орнатылған болуы керек.**

## NFC қосылыстың көмегімен қосылу

NFC модулімен смартфондардың соңғы үлгілері жабдықталған, ол арнайы баптаулар мен белсендіруді қажет етпейді – телефонды басқа құрылғыға жақындату жеткілікті.

### Жұмыс тәртібі:

1. «POLARIS IQ HOME» қолданбасын орнатқаннан кейін смартфонның аспап панеліндегі «NFC» стикеріне әкеліңіз
2. Смартфон экранында \*Push-хабарландыру шығады, оған көшіңіз, келесі экранда смартфонды конфигурациялағыңыз келген желіні таңдап, сізге осы желінің құпиясөзін енгізу қажет болады.

### \*ЕГЕР PUSH-ХАБАРЛАМА КӨРІНБЕСЕ:

- a) Телефонның құлпын ашыңыз
- b) Құрылғы мен смартфон арасындағы жұптасуға ештеңе кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз (қалың қаптама, карталар және т.б.)
- c) Телефонды сенсордың жанында әртүрлі бұрыштармен жылжытып көріңіз.

IOS операциялық жүйесі бар смартфон үшін "Құрылғыларды қосу" арқылы да қосылуға болады, содан кейін "NFC" таңдаңыз, содан кейін смартфонды конфигурациялағыңыз келетін желіні таңдап, осы желінің құпия сөзін енгізіңіз.

3. Содан кейін қосылуды растау керек, ол үшін смартфонның аспап панеліндегі "NFC" стикеріне тағы бір рет жақындатыңыз.
4. Дайын, құрылғы қосылды

Құрылғы қосылған болса, осы аспапқа басқа смартфонды қосу үшін, оны жай ғана NFC датчигіне жақындатыңыз, бұдан кейін қосылу автоматты түрде орындалады.

- POLARIS IQ HOME қолданбасын ашыңыз.
- «Негізгі» экранында «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен (PUH-4550) таңдаңыз.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАР МОБИЛЬДІ АСПАПТАР ҮШІН iOS және Android

- «Жалғастыру» түймесін басыңыз, пайда болған терезеде смартфонға «PUN-4550» WIFI желісіне қосылуға рұқсат етіңіз.
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді сұрайды:
  - Ылғалдандырғыш басқару тақтасындағы қосу/өшіру сенсорын қысқа дыбыс шыққанша басып тұрыңыз. Растау ретінде ылғалдандырғыш дисплейінде WIFI индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды.
  - Содан кейін қолданбасында «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Сіз Құрылғыны баптағыңыз келген WIFI желінің атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз және «Қосу» басыңыз.



### **БҰРЫН КОНФИГУРАЦИЯЛАНҒАН АСПАПТЫ ТҮЙІСТІРУ:**


- «Үй» экраны: «Аспапты қосу» түймешігін басыңыз.
- «Сіздің жаныңызда» тізімнен ылғалдандырғышты (PUN-4550) таңдаңыз. Егер құрылғы желіде жоқ болса, құрылғы конфигурацияланған WiFi желісі Сізде іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Келесі экранда сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  - Сенсорды 1 дыбысқа дейін басып тұрыңыз (WIFI индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды).
  - Содан кейін қолданбасында «Жалғастыру» түймесін басыңыз.

### **АСПАПТЫ БАСҚА WIFI ЖЕЛІГЕ ҚАЙТА КОНФИГУРАЦИЯЛАУ (ДИАГНОСТИКАЛАУ РЕЖИМІ):**

- Қосу/Өшіру сенсорын басыңыз және екі дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз. Растау ретінде ылғалдандырғыш дисплейінде WIFI индикаторы \_\_\_\_\_ баяу жыпылықтай бастайды
- "Үй" экраны: "Құрылғыны қосу" түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінде ылғалдауышты (PUN-4550) таңдаңыз. «Жалғастыру» басыңыз.
- Қосымшада "PUN-4550" WIFI желісіне қосылуға сұрату шығады, «Қосу» түймесін басыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді сұрайды:
  1. Қосу/Өшіру түймесін басыңыз және дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз (WIFI индикаторы тез жыпылықтай бастайды).
  2. Содан кейін қолданбасында «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру» - бұндай жағдайда телефон ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйде қалады, бірақ Сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау» - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
  - Егер сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз, құрылғыны күйге келтіргіңіз келетін WiFi желісінің атауы мен паролін енгізіп, «Қосу» түймесін басыңыз.
- Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.

## ЗАУЫТТЫҚ ОРНАТЫМДАРҒА ҚОСЫЛУДЫ ҚАЙТАРУ


- Қосу/Өшіру  датчигін 3 дыбыстық сигналға дейін басып, ұстап тұрыңыз.
- Растау ретінде ылғалдандырғыш дисплейінде WIFI индикаторы  сөнуі тиіс.
- Құрылғының қайта жүктелуін күтіңіз



### Ескертпе ретінде!

Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, бұйым мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді. **Осыған байланысты Сіз экранда көріп тұрғаныңыз осы Нұсқаулықта жазылғанынан ерекшеленуі мүмкін.**

## ҚОСЫМШАНЫҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 1. Жылдам іске қосуд панелі:** аспап бетінде қосымшаның төменгі жағында таңдалған бағдарламалар мен режимдерді жылдам іске қосуға арналған төрт ұяшығы бар панель бар. Осы панельге Сізге ұнаған кез келген режимді орналастыру үшін жай ғана оның түймесін басыңыз және, саусақтарыңызды босатпай, панельге тасымалдаңыз.
- 2. Аспапқа қолжетімділік құқықтарын бақылау:** құқықтарды бақылауды белсендіру үшін Сізге қосымшадағы аспап бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау белгісін ("жұлдызша")  басып, "Құқықтарды бақылау" тармағын таңдап, "Құқықтарды бақылауды қосу" қосқышын "Қосылған" күйіне ауыстыру қажет. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қол жетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады. Сіз әр пайдаланушы үшін дербес кіру деңгейін анықтай аласыз. Сіз басқару функциясын іске қосқаннан кейін аспапқа қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және аспапты Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.
- 3. Құрылғыны бөлісу мүмкіндігі:** Polaris IQ Home қолданбасын орнатқан кез келген адаммен құрылғыны басқаруды жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қолданбадағы аспап бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқықтарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Содан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз. Қабылдайтын тарап осы QR кодты сканерлеуі үшін, ол қолданбаның негізгі экранында «Жаңа құрылғы» түймесін басу керек және шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басу қажет. Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүйе берген сыбырларды орындау керек. QR-кодты кез келген ыңғайлы тәсілмен беруге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR-коды аспапта Reset режимі іске қосылғанға дейін өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.
- 4. Қосылу жағдайы мониторингі:** аспап баптауларында тиісті түймесін басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.
- 5. Қолдау қызметімен байланыс:** «Профиль/Қолдау/кері байланысқа» өтіп, өзіңіздің хабарламаңызды қалдыру қажет.

# WiFi ҚОСЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Аспап WiFi роутерге қосыла алмайды	Қосу процесінде іркіліс орын алады	<p>a) Сіздің аспабыңыз қолданбада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қолданбаның басты мәзірінде «аспапны қосу» түймесін басыңыз және «Барлық аспаптар» тізімін ашыңыз;</p> <p>b) Роутеріңіздің 2,4 МГц жиілікте, 802.11 b/g/n желісі режимінде жұмыс істеп тұрғанына, желі атауында орыс әріптері мен қызметтік таңбалардың (%;/? және т.б.) жоқтығына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз;</p> <p>c) Роутеріңіздің кіріс қосылыстарына қосымша шектеулер қоймағанына көз жеткізіңіз (мысалы, тек көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу). Роутерді баптау үшін роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз.</p> <p>d) Сізде бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз;</p> <p>e) Бірінші рет қосылғанда, телефоныңызда VPN және орнатылған болса, жарнаманы бұғаттаушыларды өшіріңіз. Егер сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріп, триггерді "өшірілген" күйіне ауыстырыңыз. Мұны экранда созылатын "пердеде" емес, баптауларда жасау маңызды. Қосқаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта іске қосуға болады.</p>
Аспап WiFi роутерге қосыла алмайды	Қосылу сәтті орындалған, аспап қолданбадағы аспаптар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	<p>f) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қолданбалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз;</p> <p>g) Қолданбаға сұраған барлық рұқсаттарды беру керек.</p> <p>h) Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;</p> <p>i) Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;</p>
Аспап WiFi роутерге қосыла алмайды	Аспап іске сәтті қосылған, алайда қолданбадағы пәрмендерге әрекет етуін кенет тоқтатқан.	Аспаптың бетіне кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаға басыңыз. Содан кейін «Қосылысты диагностикалау» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті учаскенің қасындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын қолданыңыз.
Аспап панеліндегі түймелерді басуға аспап әрекет етпейді	Кездейсоқ басудан қорғау функциясы іске қосылған («балалардан қорғау»)	Қорғанысты қолданбада, немесе аспаптың панелінен ажыратыңыз

## Өзіңіздің мәселеніздің шешімін таппадыңыз ба?

Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе сайтымыздағы «Ақылды үй» бөлімінде немесе қолданбадағы «Профиль/Көмек (қолдау)» мәзірінен қолдау қызметіне хабарласыңыз.

## АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

АҚАУЛЫҚ	СЕБЕБИ	АҚАУЛЫҚТЫ ЖОЮ
Сұйықкристалды дисплей жанбайды. Бу шықпайды	Аспап желіге қосылмаған	Аспапты желіге қосыңыз
	Желіде кернеу жоқ	Желідегі кернеуді тексеріңіз.
Сұйықкристалды дисплей жанып тұр, бірақ бу шықпайды	Суға арналған бачок бос	Бачокты суға толтыру керек
	Ылғалдандырғыш АВТО режимінде жұмыс істейді	Қажет болса, ылғалдандырғыш жұмысының басқа режимін таңдаңыз
Сұйықкристалды дисплей жанып тұр, аспап жұмыс істемейді	Аспап табанындағы суға арналған қуыста су тым көп.	Суға арналған резервуарды табаннан шешіп алыңыз, табаннан артық суды ағызыңыз
Іске қосқанда болатын жағымсыз иістер	Аспап әлі жаңа	Бачокты ашық күйде 12 сағатқа желдету үшін қалдырыңыз.
	Су лас немесе тұрып қалған	Бачокты тазалаңыз, оны таза суға толтырыңыз
	Эфир майының қалдықты иісі бар	Ысқышты хош иісті ысқыштан ажыратыңыз, оны жақсылап жуыңыз және кебуіне мүмкіндік беріңіз
Шығатын будың көлемі тым кішкентай.	Сәулелендіргіш ластанған	Сәулелендіргішті тазалаңыз.
	Су лас немесе тұрып қалған	Бачокты тазалаңыз, оны таза суық суға толтырыңыз.
Әдеттен тыс дыбыстар	Бачок ылғалдандырғыш табанына тұрақсыз күйде орнатылған.	Бачокты тұрақты жайғасымға дейін орнатыңыз
	Резервуарды су жеткіліксіз, бұл жаңғырық пен бөгде шуларға әкеледі	Бачокты суға толтырыңыз
Бу буды шығаруға арналған шүмектен емес, оның қасында шығады	Қақпақ пен корпусстың корпусы арасында саңылау бар	Қақпақты ылғалдандырғыш корпусына тығыздап орнатыңыз
Басқару панелі жұмыс істемейді	Қолыңыз тым дымқыл	Сенсорларға тек қана құрғақ қолмен басыңыз
	Ылғалдандырғыш істен шықты	POLARIS авторизацияланған сервистік орталығына жүгініңіз
Дисплейде "72 h" мәні көрсетіледі	Құрылғыны тазалау қажеттілігі туралы ескерту.	Ылғалдатқышты тазалап, содан кейін бу беру жылдамдығын таңдау түймесін басып, оны бірнеше секунд ұстап тұру керек.

Ылғалдандырғыштың өнімділігі өте төмен	Үй-жайда %RH жоғарлауына кедергі жасайтын ауаның табиғи немесе жасанды желдетілуі бар.	Барлық есіктер мен терезелерді жабыңыз, кондиционерді сөндіріңіз.
	Ауа тартқыштың торлары және шүмек бұғатталған болуы мүмкін.	Аспаптың тікелей жанында бөгде заттардың бар болуын тексеріңіз. Егер бар болса, оларды алып қойыңыз.
	Суға арналған резервуарда қақ тым көп.	Қақты кетіріңіз.
	Резервуардағы су тым лас немесе резервуарды тым ұзақ болған.	Резервуарды тазалаңыз, жаңа таза су құйыңыз.
Үй-жайда конденсат пайда болды	Үй-жайдағы температура тым төмен.	Үй-жайдағы температураны жоғарлату керек.
	Ылғалдылықтың белгіленген деңгейі тым жоғары.	Ылғалдылықтың неғұрлым төмен деңгейін таңдаңыз.
Аспап кенеттен бұды шығаруды тоқтатады	Таймердің белгіленген уақыты аяқталды.	Аспапты тағы іске қосыңыз.
	Су жетіспеушілігінің индикаторы жанып тұр.	Резервуарды суға толтырыңыз.
	Ылғалдылықтың мақсатты деңгейіне қол жеткіздік.	
Ылғалдылықтың қате деңгейі көрсетіледі	Үй-жайдың ауданы ылғалдандырғыштың әрекет ету ауданынан әлдеқайда артып кетеді.	Ылғалдандырғышты лайық келетін өлшемді үй-жайға орналастырыңыз.
	Датчик сынған немесе ақаулы.	POLARIS авторланған сервистік орталығына жүгініңіз.
Қашықтықтан басқару жұмыс істемейді	Қашықтықтан басқару пульті ылғалдандырғыштың әрекет ету аймағынан тыс жерде орналасқан.	Пультті аспапқа жақындату керек (5 м қашықтықта жұмыс істейді)
	Пластик тасымалдау тілшігі батареяны бұғаттайды.	Пластик тілшікті алып тастау керек.
	Батарея разрядталды.	Батареяны ауыстыру керек.



Өз аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы аспаппен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр аспаптарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.



**Назар аударыңыз!** Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, ең жақын орналасқан POLARIS сервистік орталығына жүгініңізді сұраймыз. Авторландырылған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында келтірілген: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

## КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Уақыт өте келе, ылғалдандырғышты қолдана отырып, құрылғының ішкі бөліктерінде әк пайда болуы мүмкін (құрамында қаттылық тұздары көп суды пайдаланған кезде). Сонымен қатар тұрып қалған судың салдарынан аспаптың ішкі элементтері ластануы, және сонымен қатар жағымсыз иістер пайда болуы мүмкін. Сондықтан аспапқа үнемі күтім жасау және оны тазалау – бұл оны санитарлық нормаларға сәйкес үзіліссіз пайдаланудың шарты.

Тазалау мен күтім жасаудың ұсынылатын аралықтары ауаның сапасына, сонымен қатар пайдаланудың нақты ұзақтығына байланысты.

- сүзгіленген минералсыздандырылған суды пайдаланыңыз;
- су резервуарын әр 2-3 апта сайын тазалаңыз;
- су резервуарында суды жиі ауыстырып отырыңыз. Резервуардағы суды ауыстырғанда ылғалдандырғыш табанындағы қуыста қалған суды міндетті түрде төгіп тастаңыз.



Әр тазалау алдында штепсельдік айырды розеткадан суырып алып отырыңыз.

Аралық	Операция
Күнделікті	Резервуардағы судың деңгейін тексеру, қажет болғанда су қосу
Пайдаланусыз 1-ші аптадан бастап	Босату және тазалау
Әр 2 апта сайын	Түпқойманы және суға арналған резервуарды тазалау

## СУДЫҢ КЕРМЕКТИГІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Сіздің назарыңызды кез келген ылғалдандырғыш пайдаланылатын судың сапасы мен құрамына, оның құрамындағы қоспалардың бар болуына, аспапқа лайықсыз күтім жасаудан түзілімдердің пайда болуына сезімтал аспап болып табылатынына аударамыз.

Кермек суды (мысалы, су құбырынан) пайдаланғанда түрлендіргіште көбік, сондай-ақ қоршаған заттар мен жиһазға түсетін ақ өңез пайда болуы мүмкін.



### Ылғалдандырғыш үзіліссіз жұмыс істеуі үшін ұсынамыз:

- 1) Тек қана құрамында минералды тұздар аз (минералсыздандырылған), температурасы +40°C-ден жоғары емес, алдын ала сүзгіленген және жүзінді мен қоспалардан тазартылған таза суды пайдалану керек, суға ешқандай қоспаларды, соның ішінде хош иістендіргіш қоспаларды, майлар және т.б. қосуға болмайды.
- 2) Кері осмос жүйесі арқылы тазартудан өткен суды пайдалану (НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: егер кері осмостан кейін су минералдайтын картридж арқылы өтетін болса, онда бұл су ылғалдандырғышқа ЖАРАМАЙДЫ, өйткені онда минералды заттардың теңгерімі мәжбүрлі қалпына келтіріледі, олардың тұздары кейінгіде сәулендіргіште тұнып қалуы мүмкін).
- 3) Суға арналған резервуардағы суды күнделікті ауыстыру және оның ішін ағынды сумен шаю керек.
- 4) Ылғалдандырғышқа аптасына 1 реттен кем емес тазалау жүргізу. Су құбырынан алынған сүзгіленбеген суды пайдаланғанда ылғалдандырғышты бұдан жиі тазалау қажет.



# РЕЗЕРВУАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР

- 1) Аптасына кем дегенде 1 рет қажақ ысқыштарды пайдаланусыз жұмсақ жуғыш құралдарды (мысалы, ыдысқа арналғанды) қосып резервуарды жылы сумен жуу керек. Тазалауды аяқтағаннан кейін резервуарды аудару және, 2-суретте көрсетілгендей, беру клапанына басып, оны түбі жағынан ағынды сумен жуып шаю.
- 2) Суға арналған резервуардағы суды күнделікті ауыстыру және оның ішін ағынды сумен шаю керек.
- 3) Ылғалдандырғышқа аптасына 1 реттен кем емес тазалау жүргізу. Су құбырынан алынған сүзгіленбеген суды пайдаланғанда ылғалдандырғышты бұдан жиі тазалау қажет.



## СУ РЕЗЕРВУАРЫН ТАЗАЛАУ

Ылғалдауыштың су резервуарын тұздан тазарту үшін лимон қышқылының ерітіндісін қолдануға болады:

- 25 г лимон қышқылын 0,5 л ыстық сумен (~50 - 60°C) араластырыңыз
- Сұйықтықты ылғалдауышқа құйыңыз.
- 15 минутқа қалдырыңыз. Қатты түзілімдерді жұмсақ қылшақпен, баспай, өңдеңіз.
- Ылғалдауышты суық сумен бірнеше рет шайыңыз.
- Қажет болғанда тазалауды қайталаңыз.



Сондай-ақ ылғалдандырғышты өңез бен ластанудан тазарту үшін асханалық сіркесудың әлсіз ерітіндісін пайдалануға болады.

- Судың 2/3 бөлігін және 6% асханалық сіркесуының 1/3 бөлігін араластырыңыз.
- Бұл ерітіндіні ылғалдауышқа құйыңыз, 15 минутқа қалдырыңыз.
- Ылғалдандырғышты таза сүмен шайыңыз және құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

## ЖҰМЫС БАЗАСЫН ӨҢЕЗ БЕН ТҮЗІЛІМДЕРДЕН ТАЗАЛАУ

Жұмыс базасының негізгі компоненті болып мембранасы бар ультрадыбыстық сәулелендіргіш табылады.

Аспаптың сәулелендіргіш мембранасында ластану, өңез бен түзілімдер пайда болғанда:

- Жұмыс базасына резервуарды тазалауға арналған ерітіндінің бірінің (лимон қышқылының ерітіндісі немесе асханалық сіркесудің әлсіз ерітіндісі) 200-250 мл құйыңыз, 15 минут күтіңіз, ал содан кейін бәрін қылшақпен (жиынтықта болмауы мүмкін) тазалап шығыңыз.
- Ерітіндімен өңдегеннен кейін абайлап барлығын таза сүмен шайыңыз және ылғал матамен сүртіп алыңыз.
- Сәулелендіргіш мембранасын тазалау үшін қатты немесе өткір заттарды пайдаланбаңыз.
- Аспаптың жұмыс базасының басқарудың электрондық компоненттері орналасқан жасырын қуыстарына судың түсуіне жол бермеңіз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сіздің назарыңызға пайдалану ережелерін сақтамау және ақаулық болған жағдайда ылғалдандырғышқа тұрақты күтімнің болмауы өндірушінің кепілдік міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін екенін жеткіземіз.

## АУА СҮЗГІСІН АЛМАСТЫРУ

Ауа сүзгісі (HEPA және көмірлі) аспаптың төменгі жағында орналасқан. Оны ауыстыру үшін:

- Құрылғыдан су құйылған бакты алыңыз.
- Ылғалдандырғышты қырынан қойыңыз.
- Ылғалдандырғышты қырынан қойыңыз.
- Сүзгінің қорғаныс қақпағын ашыңыз.
- Ескі сүзгіні алып тастап, жаңасына сол жағымен ауыстырыңыз.
- Ескі сүзгіні алып тастап, жаңасына сол жағымен ауыстырыңыз.

# САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

## САҚТАУ

Электр аспаптары плюс 40°C-ден аспайтын қоршаған ауа температурасында, 70%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта, электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа булар болмаған кезде, жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

## ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптары нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

## ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

**Ескертпе:** Электр аспабының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз

# КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

# ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеуі: 220 В  
Жилігі: ~50 Гц  
Қуаты: 155 Вт  
Суға арналған ыдыс көлемі: 4,5 литр  
Судың максималл шығыны: 450 мл/сағ  
Қорғау сыныбы - II



**Ескертпе:** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru) сайтынан таба аласыз.

## СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және өнімнің Кеден Одағы мүше мемлекеттері нарығында айнарудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Шығарылған күні аспаптың нәлінде көрсетілген.

Бұйымның есептік қызмет ету мерзімі: 3 жыл

Кепілдікті мерзімі: сатып алған күннен бастап 3 жыл

Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,

№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР

ФОШАН САМЬО ЭЛЕКТРОНИК КО., ЛТД зауытында

528322, Цзяньгун сөн өнеркәсіптік аймағы, Лелью қаласы, Шунде округы, Фошан, Гуандун, Қытай

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

at factory FOSHAN SAMYOO ELECTRONIC CO., LTD

528322, Jiangcun Industrial Zone, Leliu Town, Shunde, Foshan, Guangdong, China

РФ-дағы және Кеден одағына мүше мемлекеттердегі

импорттаушы және өндірушінің уәкілетті өкілі:

«ЭйДжиАй Электроникс» ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ.,

Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 үй-жай, 13-бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8 800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

# КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым:** Ультрадыбыстық ауа ылғалдандырғыш

**Модель:** PUN 4550 WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Кепілдікті міндеттемелер компания «POLARIS» сауда маркасымен кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде шығарылатын барлық модельдерге қолданылады (сатып алған орынға қарамастан).
2. Бұйым тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым «Пайдалану бойынша нұсқаулыққа» қатаң сәйкестікте қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтай отырып пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік бойынша өндірушінің міндеттемелерін сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсету (сервистік) орталықтары орындайды. Осы кепілдік өндірушімен уәкілетті етілмеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға қолданылмайды, олар тұтынушы алдында заңнамаға сәйкес өздігінен жауап береді.
4. Осы кепілдік мыналардың нәтижесінде пайда болған ақаулар мен бұйымның сыртқы өзгеруіне қатысты болмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
  - Бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбаудан тұратын дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын және техникалық қауіпсіздік ережелерін бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
  - Бұйымды абасқа мақсаттарда пайдаланбау;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуі;
  - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуы;
  - Авторландырылған сервистік орталықтар\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуі;
  - Тасымалдау кезінде бұйымның зақымдануы, оны дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында қарастырылмаған модификациялар немесе өз бетінше жөндеуге байланысты.
5. Егер бұйымда төлқұжаттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндіруші кепілдік міндеттемелерін алмайды.
6. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.
7. Осы кепілдік өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуына қолданылмайды.

**Назар аударыңыз!!** Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS өнімдеріне техникалық қызмет көрсетуге, сапаны тексеруге, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі жөндеуге байланысты барлық сұрақтар бойынша жақын маңдағы авторландырылған POLARIS сервистік орталығына немесе сатушы – авторландырылған POLARIS дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Авторланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компанияның сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

